

Қазақстан Республикасының кейбір заннамалық актілеріне арнайы экономикалық аймақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 21 шілдедегі № 470-IV ЗАңы

Ескеरту. Бұкіл мәтін бойынша «аумағында өткізілетін» және «аумағында өткізуге» деген сөздер тиісінше «аумағына өткізілетін» және «аумағына өткізуге» деген сөздерге Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Жалпы бөлімінің "Егемен Қазақстан" газетінде 2011.10.26 № 513-516 (26908) жарияланған түзетуіне сәйкес ауыстырылды.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 13, 99-құжат; 2005 ж., № 9, 26-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 79, 83-құжаттар; № 16, 97-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 14, 105-құжат; № 15, 106, 109-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 17, 139-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 15-16, 64-құжат; № 21, 95-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 13-14, 62-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 17, 79-құжат; № 18, 84, 86-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 49, 50-құжаттар):

- 1) мазмұнындағы жиырма төртінші абзац алып тасталсын;
 - 2) 19-1-бап алып тасталсын;

3) 3 2 - б а п т а :

2-тармақтағы «, ал арнайы экономикалық аймақ аумағында арнайы экономикалық аймақ әкімшілігінің шешімі негізінде» деген сөздер алып тасталсын;

3-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

4) 33-баптың 1-тармағы алтыншы бөлігінің 2) тармақшасындағы «учаскесіне талап етілмейді.» деген сөздер «учаскесіне;» деген сөзben ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы жер участкелерін Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық аймақтар туралы заннамасына сәйкес екінші рет жер пайдалануға (қосалқы жалға) берген кезде талап етілмейді.»;

5) 43-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«43-бап. Жер участкесіне құқық беру тәртібі

1. Мемлекеттік меншіктегі жерлерден жер участесіне құқық беру мынадай ретпен жүргізіледі:

1) жер участкесіне тиісті құқық беру туралы өтінішті қарауга қабылдау;

2) сұралып отырған жер участекесін аумақтық аймақтарға бөлуге сәйкес мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігін айқындау;

3) жер участекесін алдын ала таңдау (жер участекесі объектілер салу үшін сұралған көзде);

4) тиісті жергілікті атқарушы органдар құратын комиссияның жер участекесін беру туралы қорытындысын дайындауы;

5) жерге орналастыру жобасын әзірлеу және бекіту;

6) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдының, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің жер участекесіне құқық беру туралы шешім қабылдауы;

7) сатып алу-сату немесе уақытша (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді) өтеулі (өтеусіз) жер пайдалану шартын жасасу;

8) жергілікті жердегі жер участекесінің шекарасын белгілеу;

9) жер участекесіне сәйкестендіру құжаттарын дайындау және беру.

2. Жер участекелерін меншікке немесе жер пайдалануға беруді облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің әкімдері осы Кодексте белгіленген өз құзыреті шегінде жүзеге асырады.

Жер участекесін беру туралы шешім комиссияның оң қорытындысы және жерге орналастыру жобасы негізінде қабылданады.

Жер участекесін беруден бас тарту туралы шешім комиссияның теріс қорытындысы негізінде қабылданады.

Комиссияны облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдары жергілікті өкілді органдың депутаттары, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнның, облыстық маңызы бар қаланың уәкілетті органдының, сондай-ақ тиісті жергілікті атқарушы органдардың сәulet және қала құрылышы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелерінің, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдарының (олар бар болса) өкілдері қатарынан құрады.

Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана деңгейінде құрылатын комиссиялардың құрамына қоршаған ортаны қорғау, ауыл және орман шаруашылығы, су қорын пайдалану және қорғау, жер ресурстарын басқару саласындағы уәкілетті органдардың тиісті аумақтық бөлімшелерінің өкілдері де міндетті түрде енгізіледі. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдының қалауы бойынша комиссияның құрамына басқа да адамдар енгізілуі мүмкін.

Аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар (селолар), ауылдық (селолық)

округтер әкімдерінің жер учаскесін беру туралы шешімі ауданың, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдары құратын комиссияның оң қорытындысы және жерге орналастыру жобасы негізінде қабылданады.

Ауданық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар (селолар), ауылдық (селолық) округтер әкімдерінің жер учаскесін беруден бас тарту туралы шешімі комиссияның теріс қорытындысы негізінде қабылданады.

Комиссия қорытындысы сұралып отырған жер учаскесін аумақтық аймақтарға бөлуге сәйкес мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану немесе жер учаскесін алдын ала таңдап алу (жер учаскесі объектілер салу үшін сұралған кезде) мүмкіндігі туралы ұсыныстың комиссияға түскен кезінен бастап бес жұмыс күні ішінде екі данада хаттамалық шешім нысанында жасалады.

Комиссияның оң қорытындысының бір данасы бес жұмыс күні ішінде жерге орналастыру жобасын дайындау үшін өтініш берушіге жіберіледі.

3. Жер учаскелеріне меншік және (немесе) жер пайдалану құқығының өздеріне берілуіне мүдделі жеке және заңды тұлғалар жер учаскесі орналасқан жердегі облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданың, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органына, ауданық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округтің әкіміне өтініш береді.

Өтініште: жер учаскесін пайдалану мақсаты; оның болжамды көлемі; орналасқан жері; сұралып отырған пайдалану құқығы; басқа жер учаскесінің (осы Кодекстің 50-бабының 2-тармағында көрсетілген жер учаскелері бойынша) болуы (болмауы) көрсетілу^{т и і с .}

Пайдалы қазбалар шығарылатын жағдайда өтінішке жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың көшірмесі қоса беріледі.

Сұралып отырған жер учаскесін аумақтық аймақтарға бөлуге сәйкес мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігін (елді мекендерде сәулет және қала құрылышы органдарымен бірлесіп) айқындау үшін жер учаскесіне құқық беру туралы өтініш жер учаскесі орналасқан жердегі облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың уәкілетті органдарына үш жұмыс күні ішінде түседі.

Жер учаскесіне құқық беру туралы өтінішті қараудың жалпы мерзімі ол түскен кезден бастап екі айға дейінгі мерзімді құрайды.

Өтініш беруші жер учаскесіне құқық беру туралы не оны беруден бас тарту туралы шешім қабылдау үшін қажетті құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда жер учаскесі орналасқан жердегі облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың уәкілетті органдары өтініш берушіге екі жұмыс күні ішінде оның өтінішін қараудан дәлелді түрде жазбаша бас тар туды береді.

Көрсетілген мерзімге:

осы Кодекстің 44-бабының 3-тармағына сәйкес дайындалатын жерге орналастыру
жобасын жасау;

осы Кодекстің 44-бабының 6-тармағында белгіленген келісу; жергілікті жердегі жер участекесінің шекарасын белгілеу кезеңдері кірмейді.

4. Жер участекесі орналасқан жердегі облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың уәкілетті органдары (елді мекендерде сәулет және қала құрылышы органдарымен бірлесе отырып) сұралып отырған жер участекесін аумақтық аймақтарға бөлуге сәйкес мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігін айқынтайтын.

Сұралып отырған жер участекесін аумақтық аймақтарға бөлуге сәйкес мәлімделген нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігі туралы ұсыныстар әзірлеу мерзімі өтініш келіп түскен кезден бастап он жұмыс күніне дейінгі мерзімді құрайтын.

5. Нысаналы мақсатына қарай жер участекелерін беру ерекшеліктері осы Кодекстің 44 және 45-баптарына сәйкес айқындалады.

6. Осы Кодекстің 84-бабына сәйкес жер участекелерін алғып қою, соның ішінде мемлекет мұқтажы үшін алғып қою жағдайларын қоспағанда, жер участекесіне құқық беруден бас тарту облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнаның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдының, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің шешімімен ресімделеді және оның дәлелді себептері көрсетілуге тиіс, ал көшірмесі өтініш берушіге шешім қабылданғаннан кейін жеті күн мерзімде тапсырылуға тиіс.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнаның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдының, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің жер участекесіне құқық беруден бас тарту туралы шешімі комиссияның тиісті қорытындысы келіп түскен кезден бастап жеті күнге дейінгі мерзімде қабылданады.

7. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданнаның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдының, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің жер участекелеріне тиісті құқықтар беру не оларды беруден бас тарту туралы шешімінің көшірмесі шешім қабылданған кезден бастап бес жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тапсырылады (жіберіледі).

Жер участекелерін беру жоғары тұрған атқарушы органдың құзыретіне кіретін жағдайларда, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнаның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органды, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі жерге орналастыру ісін өз шешімімен бірге жоғары тұрған органға түпкілікті шешім қабылдау үшін жібереді.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнаның, облыстық

маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдың, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің жер участекесіне құқық беру туралы шешімі облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданың, облыстық маңызы бар қаланың тиісті үәкілетті органы бекіткен жерге орналастыру жобасы келіп түскен кезден бастап жеті жұмыс күніне дейінгі мерзімде қабылданады.

Жер қатынастары жөніндегі үәкілетті орган жер участекесіне құқық беру туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күнінен кеш емес мерзімде, сол шешімнің негізінде сатып алу-сату немесе уақытша (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді) өтеулі (өтеусіз) жер пайдалану шартын жасасады.

Жергілікті жердегі жер участекесінің шекараасын белгілеу өтініш берушінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтініш беруі негізінде жүзеге асырылады.

Жер участекесіне сәйкестендіру құжатын әзірлеу және беру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алты жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Жеке тұрғын үй құрылышына бөліп берілетін алаңда жер участекелерін жайластырудың жерге орналастыру жобасы болған жағдайда әрбір жер участекесі үшін жерге орналастыру жобасын жасау талап етілмейді.

8. Мемлекеттік меншіктегі жер участекелері және сол жер участекелерін жалдау құқығы осы Кодекстің 48-бабында белгіленген ережелер ескеріле отырып, сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда) сату объектілері болуы мүмкін.

9. Облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың үәкілетті органдары беретін мынадай құжаттар:

жер участекесі жеке меншікте болған кезде - жер участекесіне жеке меншік құқығы актісі;

тұрақты жер пайдалану кезінде - тұрақты жер пайдалану құқығы актісі; уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) кезінде – уақытша өтеулі (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) жер пайдалану (жалдау) құқығы актісі;

уақытша өтеусіз жер пайдалану кезінде - уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығы актісі жер участекесіне сәйкестендіру құжаттары болып табылады.

Жер участекесіне құқықтар ауысқан кезде сәйкестендіру құжаты сатып алушыға немесе өзге де құқық иеленушіге беріледі. Жер участекесінің сәйкестендіру сипаттамаларында өзгерістер болмаған жағдайда, мемлекеттік жер кадастрын жүргізуі жүзеге асыратын орган жаңа сәйкестендіру құжатын бермейді, жер-кадастр кітабына және жердің бірыңғай мемлекеттік тіzlіміне жер участекесіне құқықтардың ауысуы туралы мәліметтер енгізіледі.

Жер участекесіне құқықтардың ауысуы туралы мәліметтерді енгізу жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын орган ұсынатын материалдар негізінде жүргізіледі.

10. Егер облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің жер участесін беру туралы шешімінде өзгеше көзделмесе, жер участесінің нақтылы (белгілі бір жердегі) шекарасы белгіленгенге дейін және құқық белгілейтін құжаттар берілгенге дейін жер участесін пайдалануға жол берілмейді. Осы норманы сақтамау жер участесін өз бетінше иеленіп алу деп бағаланады және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік жауаптылықты көздейді.

Құқық белгілейтін құжаттары ресімделмеген жер участелеріне қатысты мәмілелер жа с а с у ғ а ж о л б е р і л м е й д і .

11. Осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін азаматтар мен заңды тұлғаларға бұрын қолданыста болған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген жер участелеріне құқық белгілейтін және сәйкестендіру құжаттары Қазақстан Республикасының жер заңнамасында белгіленген жер участелеріне құқықтардың өзгеруі ескеріле отырып, заңдық күшін сақтайды.

Осы Кодекске сәйкес мұндай құжаттарды жер участелеріне меншік құқығын немесе жер пайдалану құқығын куәландыратын құжаттарға ауыстыру құқық иеленушілердің қалауы бойынша жүзеге асырылады.

12. Жер участелерін Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес мұрагерлік тәртібімен алған кәмелетке толмағандарға жер участелеріне құқықты ресімдеу жағдайларын қоспағанда, жер участелеріне құқық кәмелетке толған адамдарға беріледі. Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдері бұл жер участелерін мұрагерлер кәмелетке толғанға дейін жалға беруге құқылды.

13. Қазақстан Республикасының мұлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы заңнамалық актісіне сәйкес жария етілген жер участелеріне құқық беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаиды.

14. Жергілікті атқарушы органдар жер участесін алған адамдардың тізімдері бар ақпаратты түрғындар үшін қолжетімді орындарда арнайы ақпараттық стендтерде тоқсанына кемінде бір рет орналастырып отыруға міндетті.»;

6) 48-баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 10) тармақшасы мынадай редакцияда жа з ы л с ы н :

«10) Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық аймақтар туралы заңнамасына сәйкес арнайы экономикалық аймақтың қатысуышына және басқарушы компанияға;».

2. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, № 22-II, 112-құжат ; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; №

5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат ; № 22, 130, 132-құжаттар; № 24, 145, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат);

1) м а з м ұ н ы н д а :

жүз сексен алтыншы абзац алып тасталсын;
мынадай мазмұндағы жүз сексен жетінші - жүз тоқсан екінші абзацтармен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«151-1-бап. Қызметін «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағының аумағында жүзеге асыратын ұйымдарға салық салу

151-2-бап. Қызметін «Ұлттық индустрiadық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағының аумағында жүзеге асыратын ұйымдарға салық салу

151-3-бап. Қызметін «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағының аумағында жүзеге асыратын ұйымдарға салық салу

151-4-бап. Қызметін «Ақпараттық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағының аумағында жүзеге асыратын ұйымдарға салық салу

151-5-бап. Қызметін «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағының аумағында жүзеге асыратын ұйымдарға салық салу

151-6-бап. Қызметін «Бурабай» арнайы экономикалық аймағының аумағында жүзеге асыратын ұйымдарға салық салу»;

мынадай мазмұндағы үш жүз оныншы және үш жүз он бірінші абзацтармен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«244-2-бап. Арнайы экономикалық аймақтың аумағына өткізілетін тауарларға с а л ы қ с а л у

244-3-бап. «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағының аумағына өткізілетін тауарларға салық салу ерекшеліктері»;

2) 117-баптың 1-тармағы кестесінің 3-жолының 3-бағанындағы «компьютерлер мен жабдық» деген сөздер «компьютерлер, бағдарламалық қамтамасыз етілім мен жабдықтар» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 120-баптың 2-тармағы кестесінің 3-жолының 3-бағанындағы «компьютерлер мен жабдықтар» деген сөздер «компьютерлер, бағдарламалық қамтамасыз етілім мен жабдықтар» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 150-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«150-бап. Жалпы ережелер

1. Осы бапты қолдану мақсаттары үшін бір мезгілде мынадай талаптарға сай
к е л е т і н :

1) арнайы экономикалық аймақтың аумағындағы салық органында орналасқан жері бойынша салық төлеуші ретінде тіркелген;

2) арнайы экономикалық аймақтың аумағынан тысқары жерлерде құрылымдық б ө л і м ш е л е р і ж о к ;

3) өзі өндірген тауарларды, қызметтің осы түрлерінен туындайтын жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізуден алынуға жататын (алынған) табыстар жылдық жиынтық табысының кемінде 70 пайзының құрайтын осы Кодекстің 151-4-бабында көзделген қызмет түрлерін қоспағанда, өзі өндірген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізуден, осы бөлімде көзделген қызмет түрлерінен алуға жататын (алынған) табыстары жылдық жиынтық табысының кемінде 90 пайзының құрайтын занды тұлға қызметін арнайы экономикалық аймақтың аумағында жүзеге асыратын үйым болып табылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындағы .

2. Салық салу мақсатында бір мезгілде мынадай талаптарға сай келетін:

- 1) салық органында орналасқан жері бойынша салық төлеушілер ретінде тіркелген;
- 2) құрылымдық бөлімшелері жоқ;

3) өзі өндірген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізуден, осы Кодекстің 151-4-бабының 2-тармағында көзделген қызмет түрлерінен алуға жататын (алынған) табыстары жылдық жиынтық табысының кемінде 70 пайзының құрайтын занды тұлғалар да қызметін «Ақпараттық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағының аумағында жүзеге асыратын үйымдар болып танылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындағы .

Осы тармақта көрсетілген занды тұлғалардың тізбесін бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган және арнайы экономикалық аймақтарды құру, олардың жұмыс істеуі мен оларды тарату саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган бірлесіп бекітеді.

Мұндай тізбені қалыптастыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді .

3. Қызметін арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарында жүзеге асыратын үйимдара :

- 1) жер қойнауын пайдаланушылар;
 - 2) осы Кодекстің 279-бабының 6) тармақшасында көзделген акцизделетін тауарларды өндіруді, құрастыруды (жинақтауды) жүзеге асыратын үйымдарды қоспағанда, акцизделетін тауарларды өндіретін үйымдар;
 - 3) арнаулы салық режимдерін қолданатын үйымдар;
 - 4) инвестициялық салықтық преференцияларды қолданған үйымдар;
 - 5) ойын бизнесі саласындағы қызметті жүзеге асыратын үйымдар жатпайды.
4. Алынған (алынуға жататын) табыстарды осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген қызмет түрлерінен алынған табыстарға жатқызу

облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен және нысанда берілген растауының негізінде жүзеге асырылады.

5. Салықтарды және жер участелерін пайдаланғаны үшін төлемдерді есептеу, сондай-ақ нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдар бойынша қосылған құн салығының асып кеткен сомасын қайтару осы бөлімде және осы Кодекстің 244-2 және 244-3-баптарында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, осы Кодексте белгіленген тәртіппен жүргізіледі.»;

5) 151-бап алып тасталсын;

6) мынадай мазмұндағы 151-1, 151-2, 151-3, 151-4, 151-5, 151-6, 244-2 және 244-3-баптармен толықтырылсын:

«151-1-бап. Қызметін «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағының аумағында жүзеге асыратын ұйымдарға салық салу

1. Осы Кодекстің 150-бабының 1-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасын қолдану мақсатында «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағын құруға сәйкес келетін қызмет түрлері мыналар болып табылады:

химия өнеркәсібі өнімдерін өндіру;
резенке және пластмасса бүйымдарын жасау;
өзге де металл емес минералдық өнімдерді өндіру;
тұрмыстық электр аспаптарын жасау;
машиналар мен жабдықтарды жасау;
металлургия өнеркәсібі;
электр жабдығын, оның ішінде электр-жарық беруші жабдық жасау;
жарық беруші аспаптарға арналған шыны компоненттерін өндіру;
тамак өнімін өндіру;
сүрек массасы мен целлюлоза, қағаз бен картон өндіру;
жиназ жасау;
автокөлік құралдарын, трейлерлер мен жартылай тіркемелерді жасау;
темір жол локомотивтері мен жылжымалы құрамды жасау;
әуе және ғарыштық ұшу аппараттарын жасау;
негізгі фармацевтикалық өнімдер мен препараттарды өндіру;
электрондық бөлшектер жасау;

жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес инфрақұрылым объектілерін, ауруханаларды, емханаларды, мектептерді, балабақшаларды, мұражайларды, театрларды, жоғары және орта оқу орындарын, кітапханаларды, оқушылар сарайларын, спорт кешендерін, әкімшілік және тұрғын үй кешендерін салу және пайдалануға беру.

2. Қызметін «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағында жүзеге асыратын ұйымдардың салықтарды және жер участелерін пайдаланғаны үшін

төлемдерді

есептеу

кезінде:

1) бюджетке төленуге тиіс корпоративтік табыс салығының сомасын айқындау кезінде осы Кодекстің 139-бабына сәйкес корпоративтік табыс салығының есептелген сомасы 100 пайызға азайтылады;

Осы тармақшаның ережелері жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес ауруханалар, емханалар, мектептер, балабақшалар, мұражайлар, театрлар, жоғары және орта оқу орындары, оқушылар сарайлары, спорт кешендері объектілерін салу және пайдалануға беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын үйымдарға қолданылмайды;

2) салық салу объектілері және (немесе) салық салумен байланысты арнайы экономикалық аймақтың аумағында орналасқан және осы баптың 1-тармағында көзделген қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын объектілер бойынша:

жер салығын есептеу кезінде тиісті ставкаларға 0 коэффициент;

уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) шартында көрсетілген, бірақ уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығына жер участеклерін берген күннен бастап он жылдан аспайтын мерзімге жер участеклерін пайдаланғаны үшін төлемдерді есептеу кезінде тиісті ставкаларға 0 коэффициент;

мұлікке салынатын салықты есептеу кезінде салық салу объектілерінің орташа жылдық құнына 0 пайыз ставка қолданылады.

151-2-бап. Қызметтің «Ұлттық индустримальдық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағының аумағында жүзеге асыратын үйымдарға салық салу

1. Осы Кодекстің 150-бабының 1-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасын қолдану мақсатында «Ұлттық индустримальдық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағын құруға сәйкес келетін қызмет түрлері мыналар болып табылады :

химия өнеркәсібі өнімдерін өндіру; мұнай-химия өнімдерін, сондай-ақ ілеспе, сабактас өндіріс пен технологиялар өнімдерін өндіру.

2. Қызметтің «Ұлттық индустримальдық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағының аумағында жүзеге асыратын үйымдардың салықтарды және жер участеклерін пайдаланғаны үшін төлемдерді есептеуі кезінде:

1) бюджетке төленуге тиіс корпоративтік табыс салығының сомасын айқындау кезінде осы Кодекстің 139-бабына сәйкес корпоративтік табыс салығының есептелген сомасы 100 пайызға азайтылады;

2) салық салу объектілері және (немесе) салық салумен байланысты арнайы экономикалық аймақтың аумағында орналасқан және осы баптың 1-тармағында көзделген қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын объектілер бойынша:

жер салығын есептеу кезінде тиісті ставкаларға 0 коэффициент; уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) шартында көрсетілген, бірақ уақытша

өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығына жер участеклерін берген күннен бастап он жылдан аспайтын мерзімге жер участеклерін пайдаланғаны үшін төлемдерді есептеу кезінде тиісті ставкаларға 0 коэффициент;

мұлікке салынатын салықты есептеу кезінде салық салу объектілерінің орташа жылдық құнына 0 пайыз ставка қолданылады.

151-3-бап. Қызметін «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағының аумағында жүзеге асыратын ұйымдарға салық салу

1. Осы Кодекстің 150-бабының 1-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасын қолдану мақсатында «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағын құруға сәйкес келетін қызмет түрлері мыналар болып табылады:

тұрмыстық электр аспаптарын жасау;

тері бұйымдарын өндіру;

химия өнеркәсібі өнімдерін өндіру;

резенке және пластмасса бұйымдарын жасау;

өзге де металл емес минералдық өнімдерді өндіру;

металлургия өнеркәсібі;

дайын металл бұйымдарын жасау;

машиналар мен жабдықтарды жасау;

мұнай-химия өнімдерін, сондай-ақ ілеспе, сабактас өндіріс пен технологиялар өнімдерін өндіру;

қойма шаруашылығы және қосалқы көлік қызметі.

2. Қызметін «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағының аумағында жүзеге асыратын ұйымдардың салықтарды және жер участеклерін пайдаланғаны үшін төлемдерді есептеуді кезінде:

1) бюджетке төленуге тиіс корпоративтік табыс салығының сомасын айқындау кезінде осы Кодекстің 139-бабына сәйкес корпоративтік табыс салығының есептелген сомасы 100 пайызға азайтылады;

2) салық салу объектілері және (немесе) салық салумен байланысты арнайы экономикалық аймақтың аумағында орналасқан және осы баптың 1-тармағында көзделген қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын объектілер бойынша:

жер салығын есептеу кезінде тиісті ставкаларға 0 коэффициент;

уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) шартында көрсетілген, бірақ уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығына жер участеклерін берген күннен бастап он жылдан аспайтын мерзімге жер участеклерін пайдаланғаны үшін төлемдерді есептеу кезінде тиісті ставкаларға 0 коэффициент;

мұлікке салынатын салықты есептеу кезінде салық салу объектілерінің орташа жылдық құнына 0 пайыз ставка қолданылады.

151-4-бап. Қызметін «Ақпараттық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағының аумағында жүзеге асыратын ұйымдарға салық салу

1. Осы Кодекстің 150-бабының 1-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасын қолдану мақсатында «Ақпараттық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағын құруға сәйкес келетін қызмет түрлері мыналар болып табылады:

бағдарламалық қамтамасыз етілімді, дерекқорларды және аппараттық құралдарды жобалау, әзірлеу, енгізу, тәжірибелік өндіру және жасау;

жасанды иммундық және нейрондық жүйелер негізінде жаңа ақпараттық технологияларды жасау;

ақпараттық технологиялар саласында жобаларды жасау және енгізу жөніндегі ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу;

мәтіндерді өндеуге арналған машиналарды, көшіру-көбейту жабдықтарын, жөнелту машиналарын, калькуляторларды, кассалық аппараттарды, таңбалаш машиналарын, билет-кассалық машиналарды жасау, басқа да кеңсе машиналары мен жабдықтарын, электрондық есептеу машиналарын және ақпаратты өндеуге арналған өзге де жабдықтарды жасау;

электр- және радиоэлементтерді, таратушы аппаратураны, дыбыс пен бейнені қабылдауға, жазуға және шыгаруға арналған аппаратураны жасау;

тұрмыстық электр аспаптарын жасау;

ақпараттық және инновациялық технологиялар саласындағы білім беру қызметі.

2. Осы Кодекстің 150-бабының 2-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасын қолдану мақсатында «Ақпараттық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағын құруға сай келетін қызмет түрлері мыналар болып табылады:

бағдарламалық қамтамасыз етілімді, дерекқорларды және ақпараттық технологиялардың аппараттық құралдарын жобалау, әзірлеу, енгізу, тәжірибелік өндіру және жасау, сондай-ақ дата-орталықтар көрсететін қызметтер, онлайн қызметтерін көрсету;

ақпараттық технологиялар саласындағы жобаларды жасау және енгізу жөніндегі ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу.

3. Қызметін «Ақпараттық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағының аумағында жүзеге асыратын ұйымдардың салықтарды және жер участкерін пайдаланғаны үшін төлемдерді есептеуі кезінде:

1) бюджетке төленуге тиіс корпоративтік табыс салығының сомасын айқындау кезінде осы Кодекстің 139-бабына сәйкес корпоративтік табыс салығының есептелген сомасы 100 пайызға азайтылады;

2) салық салу объектілері және (немесе) салық салумен байланысты арнайы экономикалық аймақтың аумағында орналасқан және осы баптың 1-тармағында көзделген қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын объектілер бойынша:

жер салығын есептеу кезінде тиісті ставкаларға 0 коэффициент; уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) шартында көрсетілген, бірақ уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығына жер участекерін берген күннен бастап он жылдан аспайтын мерзімге жер участекерін пайдаланғаны үшін төлемдерді есептеу кезінде тиісті ставкаларға 0 коэффициент;

мұлікке салынатын салықты есептеу кезінде салық салу объектілерінің орташа жылдық құнына 0 пайыз ставка қолданылады;

3) бюджетке төленуге тиіс әлеуметтік салық сомасын айқындау кезінде осы Кодекстің 359-бабына сәйкес есептелген әлеуметтік салық сомасы бір мезгілде мынадай шарттар сақталған кезде 100 пайызыға азайтылады:

жеңілдікті қолданудың ең ұзақ кезеңі - қызметтін арнайы экономикалық аймақтың аумағында жүзеге асыратын ұйым ретінде тіркелген күннен бастап 5 жыл;

корпоративтік табыс салығы бойынша салық кезеңі ішінде қызметкерлерге еңбекақы төлеу шығыстары жылдық жынтық табыстың кемінде 50 пайызын құрайды;

корпоративтік табыс салығы бойынша салық кезеңі ішінде қызметкерлерге еңбекақы төлеу шығыстарының 90 пайызын қызметкерлерге - Қазақстан Республикасының резиденттеріне еңбекақы төлеу шығыстары құрайды.

151-5-бап. Қызметтін «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағының аумағында жүзеге асыратын ұйымдарға салық салу

1. Осы Кодекстің 150-бабының 1-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасын қолдану мақсатында «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағын құруға сәйкес келетін қызмет түрлері мыналар болып табылады:

киімнен басқа, дайын тоқыма бұйымдарын шығару;

трикотаж бұйымдарын шығару;

тоқыма материалдарынан тігілетін киім шығару;

жібек маталар мен солардың негізінде жасалатын бұйымдар шығару; мата емес тоқыма материалдар мен солардан жасалған бұйымдар шығару;

кілемдер, кілем бұйымдары мен гобелендер шығару;

мақта целлюлозасы мен одан туынды өнімдер шығару;

мақта шикізатынан жоғары сапалы қағаз шығару;

тері бұйымдарын шығару.

2. Қызметтін «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағының аумағында жүзеге асыратын ұйымдардың салықтарды және жер участекерін пайдаланғаны үшін төлемдерді есептеуді кезінде:

1) бюджетке төленуге тиіс корпоративтік табыс салығының сомасын айқындау кезінде осы Кодекстің 139-бабына сәйкес корпоративтік табыс салығының есептелген сомасы 100 пайызыға азайтылады;

2) салық салу объектілері және (немесе) салық салумен байланысты арнайы экономикалық аймақтың аумағында орналасқан және осы баптың 1-тармағында

көзделген қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын объектілер бойынша:

жер салығын есептеу кезінде тиісті ставкаларға 0 коэффициент;

уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) шартында көрсетілген, бірақ уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығына жер участекерін берген күннен бастап он жылдан аспайтын мерзімге жер участекерін пайдаланғаны үшін төлемдерді есептеу кезінде тиісті ставкаларға 0 коэффициент;

мұлікке салынатын салықты есептеу кезінде салық салу объектілерінің орташа жылдық құнына 0 пайыз ставка қолданылады.

151-6-бап. Қызметін «Бурабай» арнайы экономикалық аймағының аумағында жүзеге асыратын ұйымдарға салық салу

1. Осы Кодектің 150-бабының 1-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасын қолдану мақсатында «Бурабай» арнайы экономикалық аймағын құруға сәйкес келетін қызмет түрлері мыналар болып табылады:

жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес ойын бизнесімен байланысты емес қонақүйлерді, демалыс үйлерін, санаторийлерді салу және пайдалануға беру;
турристік қызмет көрсету.

2. Қызметін «Бурабай» арнайы экономикалық аймағында жүзеге асыратын ұйымдардың салықтарды және жер участекерін пайдаланғаны үшін төлемдерді есептеуді көзінде:

1) бюджетке төленуге тиіс корпоративтік табыс салығының сомасын айқындау кезінде осы Кодектің 139-бабына сәйкес корпоративтік табыс салығының есептелген сомасы 100 пайызға зайтады;

2) салық салу объектілері және (немесе) салық салумен байланысты арнайы экономикалық аймақтың аумағында орналасқан және осы баптың 1-тармағында көзделген қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын объектілер бойынша:

жер салығын есептеу кезінде тиісті ставкаларға 0 коэффициент;

уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) шартында көрсетілген, бірақ уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығына жер участекерін берген күннен бастап он жылдан аспайтын мерзімге жер участекерін пайдаланғаны үшін төлемдерді есептеу кезінде тиісті ставкаларға 0 коэффициент;

мұлікке салынатын салықты есептеу кезінде салық салу объектілерінің орташа жылдық құнына 0 пайыз ставка қолданылады.»;

«244-2-бап. Арнайы экономикалық аймақтың аумағына өткізілетін тауарларға салық салу

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тауарлар тізбесі бойынша арнайы экономикалық аймақтарды құру мақсатына сай келетін қызметті жүзеге асыру кезінде толығымен тұтынылатын тауарларды арнайы экономикалық аймақтың аумағына өткізуге нөлдік ставка бойынша қосылған құн салығы салынады.

Осы баптың мақсаттары үшін осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген

тауарлар деп еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылатын (орналастырылған) және кедендік бақылаудағы тауарлар түсініледі.

2. Арнайы экономикалық аймақтарды құру мақсаттарына сай келетін қызметті жүзеге асыру кезінде толығымен тұтынылатын тауарларды өткізу кезінде нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымды растайтын құжаттар мыналар болып табылады:

1) қызметін арнайы экономикалық аймақтардың аумағында жүзеге асыратын ұйымдармен тауарларды беруге жасалған шарт (келісімшарт);

2) еркін кедендік аймақ кедендік рәсімі бойынша тауарлар шығаруды жүзеге асыратын кеден органының белгілері бар тауарлар тізбесі қоса берілген тауарларға арналған декларациялардың және (немесе) көліктік (тасымалдау), коммерциялық және (немесе) өзге де құжаттардың көшірмелері;

3) осы баптың 1) тармақшасында көрсетілген ұйымдарға тауарларды тиеп-жөнелтуді растайтын тауарлардың ілеспе құжаттарының көшірмелері;

4) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген ұйымдардың тауарларды алуын растайтын құжаттардың көшірмелері.

3. Арнайы экономикалық аймақтың аумағына өткізілетін тауарларды берушілерге қосылған құн салығының асып кеткен сомасын қайтару арнайы экономикалық аймақтың аумағындағы салық органынан растау алынғаннан кейін арнайы экономикалық аймақты құру мақсаттарына сай келетін қызметті жүзеге асыру кезінде іс жүзінде тұтынылған әкелінген тауарлар бөлігінде жүргізіледі. Арнайы экономикалық аймақтардың аумағындағы салық органының сұратуы бойынша тиісті арнайы экономикалық аймақтың басқару органы беретін арнайы экономикалық аймақты құру мақсаттарына сай келетін қызметті жүзеге асыру кезінде әкелінген тауарлардың пайдаланылуы туралы құжат растау үшін негіз болып табылады.

4. Арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясы арнайы экономикалық аймақтарды құру мақсаттарына сай келетін қызметті жүзеге асыру кезінде әкелінген тауарлардың іс жүзінде тұтынылуы туралы құжатты береді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген құжат қаржылық қамтамасыз ету болған кезде беріледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген құжатта қамтылған мәліметтердің дұрыс еместігі анықталған жағдайда бюджет шығындары қаржылық қамтамасыз ету есебінен өтеді.

Бюджет шығындарын өтеу мақсаттары үшін қалыптастырылатын қаржылық қамтамасыз ету мынадай тәсілдермен:

ақшамен;

банк кепілдігімен;

кеңілдемемен;

мұлік кепілімен;

сақтандыру шартымен жүргізіледі.

Басқаруышы компания қаржылық қамтамасыз етуді қалыптастырудың кез келген тәсілін, оның ішінде екі немесе бірнеше тәсілді біріктіріп қолдану жолымен таңдала

алуға .

Кұбылай .

5. Арнайы экономикалық аймақтың басқаруышы компаниясы арнайы экономикалық аймақтың аумағындағы салық органына арнайы экономикалық аймақтың басқаруышы компаниясында республикалық бюджет туралы заңда белгіленген кемінде 205 000 еселік айлық есептік көрсеткішке барабар сомадағы қаржылық қамтамасыз етудің болуын растайтын құжаттарды ұсынады.

Қаржылық қамтамасыз етуді қалыптастырудың, басқаруышы компанияда осындай қамтамасыз етудің болуын растайтын құжаттарды беру тәртібін, сондай-ақ бюджет шығындарын қаржылық қамтамасыз ету қаражаты есебінен өтеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындейді.

244-3-бап. «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағының аумағына өткізілетін тауарларға салық салу ерекшеліктері

1. Егер осы Кодекстің 244-2-бабында өзгеше көзделмесе, «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағының аумағына Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тауарлар тізбесі бойынша жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес инфрақұрылым объектілерін, ауруханаларды, емханаларды, мектептерді, балабақшаларды, мұражайларды, театрларды, жоғары және орта оқу орындарын, кітапханаларды, оқушылар сарайларын, спорт кешендерін, әкімшілік және тұрғын үй кешендерін салу және пайдалануға беру үдерісінде толығымен тұтынылатын тауарларды өткізуге нөлдік ставка бойынша қосылған құн салығы салынады.

Осы баптың мақсаттары үшін құрылыш үдерісінде толығымен тұтынылатын тауарлар деп мұндай тауарларды еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастыру және олардың кедендік бақылауда болуы шартымен инфрақұрылым объектілерін, ауруханаларды, емханаларды, мектептерді, балабақшаларды, мұражайларды, театрларды, жоғары және орта оқу орындарын, кітапханаларды, оқушылар сарайларын, спорт кешендерін, әкімшілік және тұрғын үй кешендерін салу үдерісіне тікелей тартылған тауарлар (электр энергиясын, бензинді, дизель отыны мен суды қоспағанда) түсініледі .

2. Осы бапқа сәйкес нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымдарды растайтын құжаттар мыналар болып табылады:

1) «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағының аумағында осы баптың 1 -тармағында көрсетілген объектілер құрылышын жүзеге асыратын ұйымдармен тауарларды беруге арналған шарт (келісімшарт);

2) еркін кедендік аймақ кедендік рәсімі бойынша тауарлар шығаруды жүзеге асыратын кеден органының белгілері бар тауарлар тізбесі қоса берілген тауарларға арналған декларациялардың және (немесе) көліктік (тасымалдау), коммерциялық және

(немесе) өзге де құжаттардың көшірмелері;

3) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген үйымдарға тауарларды тиеп-жөнелтуді растайтын тауарға ілеспе құжаттардың көшірмелері;

4) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген үйымдардың тауарларды алын растайтын құжаттардың көшірмелері.

3. «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағының аумағына өткізілетін тауарларды берушілерге қосылған құн салығының артығын қайтару, осы бапқа сәйкес «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағының аумағындағы салық органынан растау алғаннан кейін инфрақұрылым объектілерін, ауруханаларды, емханаларды, мектептерді, балабақшаларды, мұражайларды, театрларды, жоғары және орта оқу орындарын, кітапханаларды, оқушылар сарайларын, спорт кешендерін, әкімшілік және тұрғын үй кешендерін салу үдерісінде әкелінген, іс жүзінде тұтынылған тауарлар бөлігінде жүргізеді. «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағының аумағындағы салық органының сұратуы бойынша астананың жергілікті атқаруышы органы беретін, инфрақұрылым объектілерін, ауруханаларды, емханаларды, мектептерді, балабақшаларды, мұражайларды, театрларды, жоғары және орта оқу орындарын, кітапханаларды, оқушылар сарайларын, спорт кешендерін, әкімшілік және тұрғын үй кешендерін салу үдерісінде әкелінген тауарлардың іс жүзінде тұтынылуы туралы құжат растау үшін негіз болып табылады.»;

7) 359-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

«4. Қызметін «Ақпараттық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағының аумағында жүзеге асыратын үйымдар әлеуметтік салықты осы Кодекстің 151-4-бабы 3-тармағының 3) тармақшасында белгіленген ережелерді ескере отырып есептейді.»;

8) 481-бап мынадай мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:

«9. Қызметін арнайы экономикалық аймақтардың аумағында жүзеге асыратын үйымдар жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемді осы Кодекстің 151-1, 151-2, 151-3-баптарының 2-тармақтары 2) тармақшаларының үшінші абзацтарында, 151-4-баптың 3-тармағы 2) тармақшасының үшінші абзацында, 151-5 және 151-6-баптарының 2-тармақтары 2) тармақшаларының үшінші абзацтарында белгіленген ережелерді ескере отырып есептейді.».

3. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Занына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 23, 113-құжат; 2009 ж., № 13-14, 63-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 101-құжат; № 22, 132-құжат):

мынадай мазмұндағы 57-баппен толықтырылсын:

«57-бап. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің (Салық кодексі) 150-бабының 2-тармағы және 151-4-бабының 2-тармағы 2015 жылғы 1 қантарға дейін қолданылады деп белгіленсін.».

4. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қантардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1, 1-құжат; № 2, 26-құжат):

көрсетілген Заңның қосымшасы 1-тармағының 92) тармақшасындағы «сақтауда жүзеге асырылады.» деген сөздер «сақтауда;» деген сөзben ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 93) тармақшамен толықтырылсын:

«93) Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық аймақтар туралы заңнамасын сақтауда жүзеге асырылады.».

2 - б а п . О с ы З а ң :

- 1) 1-баптың 2012 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармағын;
- 2) 1-баптың 2012 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізілетін 2-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

H. Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК